

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР
ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ НАУКИ**

ӘОЖ 37.035.461

**БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ СЫНЫПТАН ТЫС ТӘРБИЕ
ЖҰМЫСЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

К.Қ.Базарбаева
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент қ.

Қазақстан Республикасының алдында тұрған әлеуметтік-экономикалық міндеттерінің аса күрделілігіне қарамастан, оның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуының сипаты, халықтың рухани, адамгершілік көзқарастары жастар арасындағы тәрбиеге байланысты. Ал, ұрпақ тәрбиесі Қазақстанда өтіп жатқан реформалар мен ғылыми-техникалық прогрестің алғы шарттарының бірі.

Бүгінгі кезеңде егемен елімізде жалпы орта білім беретін мектептегі тәрбие жұмысын қазіргі заман талабына сай ойдағыдай ұйымдастыру және демократияландыру мәселесі – жалпы, ұлттық, бүкіл халықтық, мемлекеттік деңгейде жұмыла көтеруді қажет ететін аса маңызды мәселе болып саналатыны белгілі жайт.

Ел, президенті Н.Назарбаев “Қазақстанның болашағы - қоғамның идеялық білігінде” атты еңбегінде біздің елімізде оқушыларды дүниеге ғылыми көзқарасын қалыптастыру оларды оқытудың, тәрбиелеудің және жетілдіріп дамытудың бөлінбес бір бөлігі мектептегі бүкіл оқу жылдары бойында жүзеге асырса дұрыс болатындығын, ол оқушылар арасындағы сабақтан тыс тәрбие жұмыстарында жүзеге асырылуы тиіс екендігін атап көрсетті [1].

Жиырма бірінші ғасырдың басында Қазақстанның тәуелсіздігінің 14 жылдық тарихи сабағы және тұңғыш конституция [2], “Білім беру заңы” (1999) [3]. Орта білімді дамыту тұжырымдамасы [4] секілді бүкіл тәрбие жұмысының мақсатын, міндеттерін қайта қарап, оны түбегейлі жақсартуды талап етуде. Қоғам дамуының қазіргі кезеңінде нарықтық экономикаға көшуге байланысты, кез-келген адамның өз өмірінде жұмыс орнын, өзінің кәсібін бірнеше рет ауыстыруға тура келеді. Осыдан келіп адам мүмкіндіктеріне, оның мүдделері мен ұмтылыстарына баса назар аудару сыныптан тыс тәрбие жұмысының өзекті мәселесін жаңа талап тұрғысынан шешу, оқушылардың жеке тұлға болып қалыптасуына қарау қажет.

Еліміздің Президенті Н.Назарбаевтың “Қазақстан – 2030” стратегиясында болашақты жасайтын азаматтарды бұл ғасыр талабына сай тәрбиелеу қажеттілігіне тоқтала келе: “2010-жылға дейінгі бастапқы кезеңде өз мүмкіндіктеріне мен бәсекелестік қабілеті тұрғысынан келешегі бар еңбекті қажет ететін салаларға көңіл бөлу керек” – деп атап көрсеткен [5].

Біздің қазіргі жағдайымызда еңбек әркімнің өзіне және қоғамға қызмет етудің басты формасы. Өйткені, тәрбиенің маңызды саласы-көп үрдістері көзден таса қалып келген мәлім. Сондықтан мектепте сыныптан тыс тәрбие жұмыстарында өскелең ұрпақты болашағына меңзеп жүргізу ісі бүгінгі күннің кезек күттірмес мәселесі байқатады.

Жалпы білім беретін мектептерде оқу-тәрбие жұмысын жақсарту және білім мазмұнын жаңарту жайлы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрілігі мен Б.Алтынсарин атындағы Қазақстан Білім Академиясы ұсынған. “Кәсіптік мектептердегі

тәрбие жұмысын ұйымдастыру бойынша нұсқауында” мектептегі тәрбие жұмыстарының мазмұнын көрсеткен. Бүгінгі таңда оқушыларды тәрбиелеуде үлкен жетістіктерге жету үшін қазіргі ұрпақ тәрбиесінің негізі болып отырған мектептің негізгі мақсаты оқушыларға тек оқыту процесі кезінде ғана тәрбие берумен шектелмей, оқушылардың шығармашылық белсенділігін күшейтіп, өмірге деген құштарлығын арттыратын сыныптан тыс жүргізілетін жұмыстарды ұйымдастыру арқылы тәрбие беру болып табылады.

Қазіргі заманда мемлекетке білімді де білгір ұшқыр ойлы әрі іскер адамдарды керектігіне, ал оларды оқыту және тәрбиелеу білім процесіне жана педагогикалық ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды енгізуге тікелей байланыстылығына ешкімде шүбәланбайды.

Жана технологияларды тәрбие үрдісіне енгізуге қатысты В.П.Беспалько, Г.К.Селевко, В.Н.Ивановтың құнды зерттеулерін атауға болады. Мектептегі тәрбие жұмысының жүйесін қалыптастыру тәжірибелерін жинақтауда Н.Л.Силиванова, В.А.Караковский, Л.И.Новинкованың еңбектері басшылыққа алынуы қажет.

Тәрбие салалары бойынша сабақтан және мектептен тыс тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру туралы З.Әбілова, Б.З.Ақназаров, Р.Д.Ержанова, М.Н.Кузьмина, С.Х.Нурмағанбетов, Р.Овчинникова, Т.Қ.Жұмажанова, Ғ.Ғажығалиева, У.Жарқынбеков, Қ.И.Қандыбаев, Н.М.Сағитова еңбектерін ерекше атап өтуге болады. Аталмыш еңбектерде көз жүгірте келе, сыныптан тыс тәрбие жұмыстарын қалыптастыру теориясының түрлері тәрбие салаларына қатысты айқындалғанын көрсетеді. Ал, бұл мұғалімнің педагогтік қызметінің көп қырлылығын мензейді. Бастауыш мектеп оқушыларымен сыныптан тыс тәрбие жұмыстарына арналған әр түрлі бағыттағы зерттеулер бір-біріне қарама-қайшы келмей, болашақ мамандардың осы салаға байланысты сан алуан қырларын ашу және біліктілігін жетілдіру проблемасын жақсартуда осы зерттеулер негіз етіледі.

Мектепте тәрбие жұмысын жан-жақты ұйымдастыра отырып, оқушыны тәрбиелеу болашақ қоғам мүддесі үшін еңбектене білетін, рухани ойлау дәрежесі биік, Отанын сүйгіш, еңбекқор, іскер ізденімпаз, қабілетті адам даярлау мақсатына бағытталады.

Өскелең ұрпақты жан-жақты тәрбиелеу, болашағына жол сілтеу бүгінгі күн тәрбиесіндегі бірден-бір қажетті, кезек күттірмес мәселе. Қазіргі кезеңде біздің елімізде тәрбие тек мектепте ғана жүргізіледі деп түсініп, тәрбиеге кей ата-ананың оншалықты мән бермеуі аян.

Бұндай тәрбие баланың санасында әдепке, тәртіпке деген немқұрайлылық көзқарас тудырып, көптеген балалардың қайырымсыздығын, мейірімсіздігін байқатып отыр. Сондықтан, жастарды тәрбиелеудің алғы шарттары-отбасы, мектепке дейінгі кезеңнен, балабақша тәрбиесінен басталып, мектеп қабырғасымен жалғасып және одан әрі дамыту міндеті туындайды.

Жас баланың санасы жазылмаған таза таспадай. Олай болса, «Білім негізі – бастауышта» дегендей осы сөзді ескере отырып, нақты тәрбие беру біздің міндетіміз. Біздің тәуелсіз еліміздің ұлы мұраты әрбір жастан әуелі адамдық несібін қалыптастыруды сосын барып белгілі бір мамандық несібін даярлауды талап етеді. «Адамға ең бірінші керегі білім емес, тәрбие беру керек. Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне опат әкеледі», - деген екен ортағасырлық данышпан Әл-Фараби бабамыз.

Ғұламаның бұл сөзінен туындайтын тағылым: тәрбиесіз, өнетесіз берілген білім - жетім, жастарды тәрбиелей отырып оқыту, білім беру ғана нәтижелі болмақ.

С.Қ.Әбілдина өзінің зерттеуінде бастауыш сынып оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеу әрекетінде ауызекі шығармашылығын бастауыш сынып оқушыларына пайдалана отырып, адамгершілік қасиеттерін қалыптастырудың жолдарын, әдіс-тәсілдерін ұсынады.

Сыныптан тыс жұмысты жүзеге асыру барысында мұғалімнің назарында жекелеген шаралар мен әрекеттер ғана емес, оқушының бүтін тұлғасы болуы тиіс. Бастауыш сынып оқушыларын сыныптан тыс оқыту және тәрбиелеу барысында мына мақсаттар көзделуі тиіс: саяси саналылығын тәрбиелеу; саналы тәртіп пен мәдениеттілікке баулу; оқу мен білім алуға саналы түрде қарау; танымдық белсенділігі мен ой еңбегі мәдениетін дамыту.

Сыныптан тыс тәрбие жұмыстарының маңызды мақсаттарының бірі – барлық балаларға бірдей мектеп қабырғасында оқу мен күнделікті өмірдің алғашқы кезеңінен бастап көркем шығармашылық пен көркем өнерпаздықтың негізгі түрлерімен белсенді шұғылдануға мүмкіндік беру.

Мектегі сыныптан тыс жүргізілетін тәрбие жұмыстары туралы Ж.Абжапшарова, З.Әбілова, Б.З.Ақназаровтың еңбектерінде әдістемелік теориялық негіздері ашылып көрсеткен.

Б.З.Ақназаров «Класс жетекшісі» атты еңбегінде сыныптан тыс жұмыс - оқушылардың сабақ үстінде алған білімдерін одан әрі тереңдету үшін септігін тигізеді және оларды адамгершілік қасиеттерге, өздігінен жұмыс істеуге үйретеді. Бұл жұмыстарды ұйымдастыруда басты тұлға сынып жетекшісі деп саналады. Сонымен қатар, сыныптан тыс тәрбие жұмысының түріне саяси хабарды және оның мазмұнына, өткізілу сапасына талап қоя білді.

Ә.Ашайұлы «Ұлттық педагогика негізінде оқу-тәрбие ісін ұйымдастыру жолдары» еңбегіндегі қазақ мектептеріндегі бастауыш сыныптары тәжірибесінен, ғылыми зерттеу жұмысында мұрағаттық материалдар негізінде оқу-тәрбие ісін ұйымдастыру жолдарын, даму тарихи деңгейін, оның осы аралықтағы одан әрі даму жолдарын, әдіс-тәсілдерін анықтап, мектептегі оқу-тәрбие ісін ұйымдастыру жолдарының тарихи-педагогикалық негізін жүйелеген.

З.Әбілова «Сыныптан тыс уақытта эстетикалық тәрбие беру – эстетикалық мәдениетін, талғамын арттыру, үйді жабдықтау, тазалық сақтау, ұжымның ынтымақты болуы, балалардың тәртібі», - деп оқушылардың тек эстетикалық тәрбиесін ұйымдастырудың жолдарын ашып көрсеткен.

Оқу мен тәрбие – егіз. Бір-бірінен бөліп қарауға болмайтын табиғаты танылып тұрған үрдіс. Оның негізі бастауыш мектепте қаланады.

Қай қоғам болса да тәрбиені өз заманының талап-тілектеріне, қажеттіліктеріне орай бір жүйеге келтіріп отырған. Мектептегі оқу-тәрбие жұмысының құрамды бөлігі – сыныптан тыс тәрбие жұмысы. Мектепте тәрбие жұмысын ұйымдастырудың әдіс-тәсілдері, қазіргі ғылымға және тәрбиеге негізделген жаңа технологиялар арнаулы сағат кезінде қарастырылмаған. Қорыта айтқанда, бастауыш мектепте сыныптан тыс тәрбие жұмыстарының мазмұны мен оның әдіс-тәсілдері әлі де анықталуы қажет деп санаймыз.

Әдебиет

- 1 Назарбаев Н. Қазақстан 2030 жолдауы. -11 б.
- 2 Қазақстан Республикасының Білім беру туралы Заңы. -1999.
- 3 Амангерзин Ш. Мұғалім және оқу-тәрбие жұмысы. -Алма-Ата, 1978. -Б.21, 26.
- 4 Әбенбаев С.Ш. Тәрбие теориясы мен әдістемесі: Оқу құралы. - Алматы: Дарын, 2004. -Б.64,67.
- 5 Әбенбаев С.Ш. Сынып жетекшісі: Оқу әдістемелік құрал. - Алматы: Дарын, 2004. -Б.37,47.

Резюме

В статье рассмотрены актуальные проблемы воспитания младших школьников во внеурочное время на современном этапе.

Summary

This article looked through actual problems of junior pupils' bringing up, in out of the lesson time, on the modern stage.